«ТУБЕРКУЛЕЗ АУРУЫНА ҚАРСЫ САНАТОРЛЫҚ ТҮРДЕГІ «НҰР» БАЛАБАҚШАСЫ»

«Ақыл-кеңес: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру ерекшеліктері»

Тәрбиеші: Құдайберген Н.М

Ақпан айы

Іс-шара тақырыбы:

Ақыл-кеңес: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру ерекшеліктері»

Іс-шараның мақсаты:

Ата-аналар мен педагогтардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру, құқықтық сауаттылығын арттыру, когамда адалдық, әділдік, жауапкершілік сияқты адамгершілік құндылықтарды дәріптеу арқылы балаларға дұрыс тәрбие беру жолдарын түсіндіру.

Міндеттері:

«Сыбайлас жемқорлық» ұғымының мәнін түсіндіру;

Жемқорлықтың қоғамға, мемлекетке және жеке тұлғаға тигізетін кері әсерін ашып көрсету;

Ата-аналар мен педагогтардың құқықтық білімін арттыру;

Балаларға адалдық, әділдік, шыншылдық қасиеттерін сіңірудің маңыздылығын түсіндіру;

Отбасында және білім беру ұйымында жағымды моральдық-психологиялық орта қалыптастыру;

Балалардың бойында заңға құрметпен қарау дағдыларын дамытуға бағыт беру.

Өткізу формасы:

Ақыл-кеңес, түсіндіру жұмыстары, сұрақ-жауап, пікір алмасу.

Қатысушылар:

Ата-аналар, педагогтар, балабақша қызметкерлері.

Өткізу барысы:

I. Кіріспе бөлім:

Психолог қатысушыларды қарсы алып, іс-шараның тақырыбы мен мақсатын таныстырады. Қазіргі қоғамдағы сыбайлас жемқорлық мәселесінің өзектілігі туралы қысқаша мәлімет беріледі.

II. Негізгі бөлім:

Сыбайлас жемқорлық ұғымына түсінік беріледі;

Оның пайда болу себептері мен салдары талқыланады;

Қоғамдағы адалдық қағидаттарының ролі түсіндіріледі;

Баланың тұлғалық дамуына отбасы мен педагогтың ықпалы туралы айтылады;

Күнделікті өмірдегі қарапайым мысалдар арқылы адалдыққа тәрбиелеу жолдары көрсетіледі;

Ата-аналарға балалармен ашық әңгіме жүргізудің, дұрыс үлгі көрсетудің маңызы түсіндіріледі;

«Адал ұрпақ – жарқын болашақ кепілі» қағидасы негізінде тәрбиенің маңыздылығы айқындалады.

III. Практикалық бөлім:

Қатысушыларға ситуациялық сұрақтар ұсынылады;

Пікір алмасу ұйымдастырылады;

«Адалдық деген не?» тақырыбында шағын талқылау жүргізіледі;

Отбасындағы тәрбиелік жағдайларға байланысты кеңестер беріледі.

IV. Қорытынды бөлім:

Психолог іс-шараны қорытындылап, негізгі ойларды жинақтайды.
Қатысушыларға ұсыныстар беріліп, сұрақтарына жауап беріледі.

Психологтың ата-аналарға кеңесі:

Балаларға әрдайым адал болудың маңызын түсіндіріңіз;

Өз әрекетіңіз арқылы үлгі көрсетіңіз;

Баланың өтірік айтуының алдын алу үшін сенімді қарым-қатынас орнатыңыз;

Әділ шешім қабылдауға үйретіңіз;

Заңға құрметпен қарауды бала кезден қалыптастырыңыз;

Жауапкершілік пен еңбексүйгіштікке баулыңыз.

Күтілетін нәтиже:

Қатысушылар сыбайлас жемқорлықтың мәнін және оның зиянын түсінеді;

Адалдық, әділдік құндылықтарының маңыздылығын ұғынады;

Балаларға дұрыс тәрбие беру бағытында білімдері кеңейеді;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға дайын болады.

Жауапты:

Психолог: Құдайберген Наргиза Маратқызы

